«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ президентінің
2026 жылғы «24» ақпан № 48-нқ бұйрығымен бекітілді

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже ***«Анаммен сурет саламыз»*** *атты Республикалық сурет салу конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру* және өткізу тәртібін айқындайды. Конкурс Халықаралық әйелдер күніне орай өткізіледі.
1.2. *Конкурстың ұйымдастырушысы* – «Өркен» балалардың игілігі жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).
1.3. *Конкурстың мақсаты:* ата-аналар мен балалардың шығармашылық өзара әрекеттесуін ынталандыру, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту.
1.4. *Конкурстың міндеттері:*
1. Шығармашылық кеңістік қалыптастыру:
- ата-аналар мен балалар өздерінің шығармашылық даралығын еркін білдіріп, көркемдік деңгейде өзара әрекеттесе алатын орта құру.
2. Өзара түсініс дамыту:
- ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылығы мен идеялар алмасуы арқылы өзара түсініс жақсартуға ықпал ету.
3. Шығармашылық дамуды қолдау:
- қатысушыларға әртүрлі көркемдік материалдар мен техникалармен тәжірибе жасауға мүмкіндік беру, олардың шығармашылық өсуін ынталандыру.
4. Ата-ананың тәрбиелік рөлін қолдау:
- балалардың шығармашылық дамуына ата-аналардың қатысуының маңыздылығын айқындау, олардың көркемдік қызығушылықтары мен дағдыларын қалыптастырудағы рөлін көрсету.

2. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Конкурсқа мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері бір ата-анасымен (анасымен, әжесімен, қамқоршысымен, тәтесімен немесе әйел заңды өкілімен) бірге қатыса алады.
2.2. *Өткізу мерзімі*
Жұмыстарды қабылдау: 25.02 – 25.03.2026 ж.
Қорытынды шығару: 10.04.2026 ж. дейін.
2.3. *Конкурстың қорытындылары* «Өркен» балалардың игілігі жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институтының Facebook / Instagram парақшаларында жарияланады.

3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

3.1. Суреттердің тақырыптарын қатысушылар өз қалауларына қарай анықтайды. Бірлескен шығармашылық еңбекті бейнелейтін кез келген тақырып таңдалуы мүмкін.

- Түрлі көркемдік материалдарды қолдануға болады: бояулар, қарындаштар, маркерлер және т.б.
- Әртүрлі көркемдік техникаларды қолдануға рұқсат етіледі.
- Қатысушылар өз суреттерін жасап, шығармашылық үдерістің кезеңдерін фотосуреттер арқылы тіркейді.

Қатысушылардың үздік жұмыстары мектептер базасында көрмеге қойылуы мүмкін. Конкурс аяқталғаннан кейін үздік жұмыстар «Өркен» балалардың игілігі жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институтының әлеуметтік желілерінде жарияланады.

3.2. *Жұмыстарға қойылатын талаптар:* суреттер мен фотоесептер JPG форматында қабылданады.

3.3. Жұмыстарды жіберу тәртібі: дайын суреттерді фотоесептерімен бірге электрондық поштаға жіберу қажет – cit_nigrch@mail.ru.

3.4. Жұмыспен бірге жіберілетін хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс *(үлгі қоса беріледі):*

- автор (Т. А. Ә.);
- сыныбы, мектебі, өңірі;
- мекенжайы;
- байланыс телефонының нөмірі;
- білім беру ұйымы;
- шығармашылық үдерісіне қатысқан анасының, әжесінің, қамқоршысының, тәтесінің немесе заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты.

3.5. Жұмыстар мен қатысушылар туралы ақпарат бір хатпен жіберіледі.

3.6. Мәліметтер көрсетілмей жіберілген жұмыстар қаралмайды.

4. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4.1.Оригиналдылық және шығармашылық көзқарас

4.2.Техникалық шеберлік

4.3.Ата-ана мен баланың бірлескен шығармашылығы және өзара әрекеттесуі.

5. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

5.1. Конкурсқа қатысушының авторлық құқықты сақтау жауапкершілігі автордың өзіне жүктеледі.

5.2. Конкурсқа жұмысын жіберу арқылы автор Ұйымдастырушыға жіберілген материалды толық немесе фрагменттік түрде пайдалану және оның жеке деректерін өңдеу құқығын автоматты түрде береді.

ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

№	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты *(сынып жетекшісі немесе педагог-жетекші)*	Мектеп / облыс / сынып	Ескертпе